

Облыс әкімінің 1999 жылғы 3 тамыздағы "Облыстық қаржы департаментін, аудандық және Петропавл қалалық қаржы басқармаларын құру туралы" N 143 ~ V99S119 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі 2000 жылғы 10 наурыздағы N 51 Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 24.04.2000 ж. N 120 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 38 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2007.12.27 38 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" N 464-1 Z990464_ Заңының қабылдануына байланысты және 1999 жылғы 3 тамыздағы N 143 шешімнің кейбір тармақтарын қолданып жүрген заңдарға сәйкес келтіру мақсатында ШЕШІМ қабылдаймын:

Жоғарыда көрсетілген облыс әкімі шешімінің 1, 2, 3 қосымшаларына келесі өзгерістер енгізілсін:

1. 1.4 тармағы "мөр" сөзінен кейін "мемлекеттік тілде" сөзімен толықтырылсын.

2. 2.3 д) тармағы: "қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жергілікті атқарушы органдар қарызына қызмет көрсетуді жүргізеді, қарыз алу лимиттерін қаржы министрлігімен келіседі" деп жаңа редакцияда баяндалсын.

3. 3.2 тармағында "және қалалық" сөзі алынып тасталынсын.

4. 4.1 д) және 7.1 тармақтары жойылсын.

Облыс әкімі